

-қосымша

Қазақстан Республикасы
Оқу - ағарту министрлігінің
2022 жылғы 16 қыркүйектегі
№ 399 бұйрығына
29-қосымша

Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «Дүниетану» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы

Түсінік хат

«Дүниетану» оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 23 қаңтардағы № 12 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 35670 болып тіркелген).

«Дүниетану» оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы «Адам», «Ар-ұждан», «Намыс», «Отбасы», «Отан», «Тіл», «Мәдениет», «Білім», «Еңбек», «Табиғат» мазмұндық концептілер арқылы оқу мен тәрбиенің біртұтастығын қамтамасыз етеді.

«Дүниетану» оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны бастауыш білім беру бағдарламасын аяқтаған білім алушының бойында өзін-өзі жетілдіру, тілдік және коммуникативтік, мәдени-әлеуметтік, еңбек, оқу-танымдық, зерттеушілік, ақпараттық-технологиялық түйінді құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталады.

«Дүниетану» оқу пәнінің мақсаты: білім алушының адам, қоғам және табиғаттың өзара үйлесімділігіне негізделген ізгі дүниетанымын, адами қасиеттері мен құндылықтарын, оқу-танымдық, зерттеушілік қабілеттерін қалыптастыру.

«Дүниетану» оқу пәнін оқытудың міндеттері:

1) ұлттық құндылықтар негізінде салауатты өмір салтын ұстану, тазалық және қауіпсіздік ережелерін сақтау, өзін-өзі басқару және өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын, табиғи және әлеуметтік ортадағы әдепті мінез-құлық нормаларын, сөйлеу мен қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру;

2) туған жер, еліміздің тарихы мен мәдениеті, географиялық ерекшеліктері, табиғи құбылыстар мен нысандар туралы түсінік қалыптастыру;

3) әлеуметтік нысандар, табиғи құбылыстарды бақылау, зерттеу-жобалау әрекетімен айналысу, сауалнама, сұхбат жүргізу, деректерді тіркеу, салыстыру, қорытынды жасау дағдыларын қалыптастыру;

4) адам, отбасы, Отан, тарихи сабақтастық, ел мен жер құндылықтарының мәні мен маңызы, өзара байланысы туралы түсініктер қалыптастыру; адалдық пен әділеттілік, заң мен тәртіп, азаматтық парыз бен жауапкершілік қағидаларын сақтауға дағдыландыру;

5) мемлекеттік тілдің маңызын түсіну, қазақ халқының ұлттық мәдениеті мен өнерін жалғастырудың маңызы, жаһандану заманында бірегейлікті сақтау туралы түсінік қалыптастыру;

6) оқу-танымдық, ізденімпаздық, еңбекқорлық, шығармашылық, зерттеушілік дағдыларын дамыту;

7) табиғатпен үйлесімді өмір сүру, экологиялық мәдениетін дамыту;

8) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, жасанды интеллект мүмкіндіктерін қолдану, қауіпсіздік ережелерін сақтау, жеке басына деректерді қолдану барысында киберқауіпсіздік нормаларын сақтау дағдыларын қалыптастыру.

1-параграф. Оқу процесін ұйымдастыру

1. «Дүниетану» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі:

- 1) 1-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 33 сағат;
- 2) 2-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;
- 3) 3-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;
- 4) 4-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

2. «Дүниетану» оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы құндылыққа негізделген, тұлғаға бағдарланған, құзыреттілік, конструктивтік, белсенділік, мәдениеттанушылық, коммуникативтік, инклюзивті тәсілдемелерді қолдана отырып іске асырылады.

3. «Дүниетану» оқу пәні бойынша оқу процесін ұйымдастыру білім алушының қоғамдық нысандар және табиғи құбылыстарын өзара байланыста тануға, дүниетанымын кеңейту, жеке тұлғаның құндылықтарды бойына сіңіру, өзін-өзі басқару, оқу-танымдық, зерттеушілік, мәдени-әлеуметтік құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталады.

4. Оқу процесі білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, табиғи объектілерді бақылау, тапсырмаларды орындау, топтық мен жұптық талқылау, дидактикалық материалдармен жұмыс жүргізу арқылы ұйымдастырылады.

5. Оқу процесін ұйымдастыруда білім алушылардың денсаулығын сақтау, қауіпсіздік және өмір қауіпсіздігін қамтамсыз ету іске асырылады.

6. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың ұсынымдарына сәйкес ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар үшін олардың мүмкіндіктерін ескере отырып бейімделеді.

2-параграф. Оқу пәнінің мазмұны

7. «Дүниетану» оқу пәні бойынша оқу бағдарламасының мазмұны бөлімдер арқылы ұйымдастырылған. Бөлімдер әр сынып бойынша күтілетін нәтиже түрінде берілген оқу мақсаттарын қамтитын бөлімшелерден тұрады.

8. 1-сыныпқа арналған «Дүниетану» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) «Мен және қоғам» бөлімі: отбасы; отбасы дәстүрлері; мен және менің мектебім, мектеп ережелері, күн тәртібі; үйдегі қауіпсіздік ережелері;

2) «Туған өлкем» бөлімі: Отан, туған жер; мекенжай және елді мекенінің орналасқан жері; Қазақстан астанасы; Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері; саяхат, жергілікті жерде бағдарлау; табиғи апаттар кезіндегі қауіпсіздік шаралары; табиғи құбылыстар және ауа райы; ауа райының адам өміріне, іс-әрекетіне әсері; маусымдық табиғи өзгерістер және олардың адам өміріне ықпалы; жолда жүру тәртібі; жаяу жүргіншілердің қозғалысын реттейтін жол белгілері;

3) «Тарихқа кіріспе» бөлімі: ежелгі адамдар; көне жазулар; тарихи ескерткіштер.

9. 2-сыныпқа арналған «Дүниетану» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) «Мен және қоғам» бөлімі: отбасы; отбасылық дәстүрлер; отбасындағы әдеп нормалары; отбасы мүшелерінің міндеттері; тұрмыстағы (үйде және қоғамдық орындарда) қауіпсіз мінез-құлық; мектептегі оқу және оқудан тыс әрекет түрлері; құқық, міндет және өз жауапкершілігі; көлік түрлері, жол ережесі;

2) «Туған өлкем» бөлімі: менің атамекенім; өз аймағындағы көрікті жерлерін сипаттау; Қазақстан картасындағы ірі өзен-көлдер; Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін қолдану; Қазақстан халықтары арасындағы достықтың маңызы; жергілікті туристік орындар және табиғаттағы қауіпсіздік ережелері; жергілікті жерде бағдарлау; көкжиек бағыттарын анықтау; ауа райы; өз өңіріндегі табиғи жағдайлары; табиғаттың қолайсыз және қауіпті құбылыстары;

3) «Тарихқа кіріспе» бөлімі: көне қалалар мен ескерткіштер; Қазақстан аумағындағы көне жазулар; әл-Фарабидің өмірі; қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлері.

10. 3-сыныпқа арналған «Дүниетану» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) «Мен және қоғам» бөлімі: отбасы мүшелерінің арасындағы туыстық қатынастар; отбасындағы әдеп, отбасындағы қамқорлық, мейірімділік; өз шығындарын жоспарлау; мектепте өзін-өзі басқару, қосымша білім; тұрмыстық техника және оны қауіпсіз пайдалану ережелері; Қазақстан Республикасы Конституциясы, құқық және міндет;

2) «Туған өлкем» бөлімі: елді мекендердің ерекшеліктері: қала мен ауыл; Қазақстанның туризм аймақтары; жергілікті жерде бағдарлау; тұсбағдар, көкжиек бағыттары; план мен карта, шартты белгілер; климат, ауа райы; табиғи апаттар; қолайсыз ауа-райындағы қауіпсіздік ережелері;

3) «Тарихқа кіріспе» бөлімі: көшпелі және отырықшы өмір салтының ерекшеліктері; тарих және мәдениет ескерткіштерін сақтау; тарихи тұлғалар және мәдениет қайраткерлері; хандар (Керей хан, Жәнібек хан, Абылай хан)

батырлар (Қабанбай батыр, Бөгенбай, Наурызбай батыр) мен билер (Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би); салт-дәстүрлер.

11. 4-сыныпқа арналған «Дүниетану» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) «Мен және қоғам» бөлімі: отбасы; отбасы мәдениеті; отбасының бюджетін үнемдеу; сыныптағы өзін-өзі басқару; көшбасшыға тән тұлғалық қасиеттер; Ата заңның маңызы; құқық және міндет; денсаулық пен қауіпсіздік; цифрлық және қауіп-қатер (киберқауіпсіздік);

2) «Туған өлкем» бөлімі: елді мекендердің ерекшеліктері: аудан, облыс, республикалық маңызы бар қалалар; глобус пен карта, құрлықтар мен мұхиттар; Қазақстанның климаты; табиғи апаттар, сақтық шаралар;

3) «Тарихқа кіріспе» бөлімі: XX ғасырдың көрнекті тұлғалары (Қаныш Сәтбаев, Тоқтар Әубәкіров, Күләш Байсейітова); көне қалалар мен ескерткіштер, мұражайлар; ұлттық бренд.

3-параграф. Оқу пәні бойынша күтілетін нәтижелерге бағдарланған оқу мақсаттары

12. Үлгілік оқу бағдарламасында оқытудың күтілетін нәтижелеріне жету оқу пәнінің мазмұнын айқындау үшін негіз болатын оқу мақсаттарымен қамтамасыз етіледі.

13. Бастауыш білім беру мазмұнын игерудің күтілетін нәтижелері білім алушыда азаматтық-патриоттық, этикалық, әлеуметтік-адамгершілік, шығармашылық түйінді құзыреттерді және өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыруға бағдарланады.

14. Оқу мақсаттары бөлім бойынша әр сыныпқа берілген:

1) мен және қоғам:

Бөлімше	Оқу мақсаттары			
	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
1.1 Мен және менің отбасым	1.1.1.1 отбасы мүшелерін таныстыру, отбасындағы өз орнын анықтау; 1.1.1.2 отбасы мүшелерінің арасындағы өзара қамқорлық әрекеттерін ажырату, мысал келтіру	2.1.1.1 отбасы дәстүрлерін атау және сипаттау; 2.1.1.2 отбасы мүшелерінің міндеттері мен рөлін ажырату; 2.1.1.3 отбасы әдебін сақтау	3.1.1.1 отбасы мүшелерінің арасындағы туыстық қатынастар ажырату; 3.1.1.2 отбасылық әдеп ережелеріне мысал келтіру (үлкендерге құрмет,	4.1.1.1 отбасылық құндылықтарды атап, олардың маңызын түсіндіру (мысалы: өзара сыйластық, еңбекқорлық, көмектесу, адалдық); 4.1.1.2 отбасындағы жауапкершілікті

			кішілерге қамқорлық); 3.1.1.3 отбасындағы адамгершілік қарым-қатынастардың (мейірімділік, сүйіспеншілік, кешірім) мәнін мысал арқылы түсіндіру	білдіретін іс-әрекеттерге мысал келтіру (міндеттерді орындау, туыстарға көмектесу); 4.1.1.3 отбасы дәстүрлеріне мысал келтіріп, олардың отбасы мүшелері үшін маңызын түсіндіру
1.2 Қаржылық сауаттылық	1.1.2.1 тұтыну заттарын қайдан келетінін анықтау; 1.1.2.2 ақша мен тауарлардың түрлеріне мысал келтіріп, олардың қызметін түсіндіру	2.1.2.1 түрлі тұтыну тауарларының бағасын салыстырып, олардың күнделікті өмірдегі қажеттілігін түсіндіру; 2.1.2.2 ақшаны үнемдеудің жолдарына мысал келтіріп, оның пайдасын түсіндіру	3.1.2.1 өзінің күнделікті шығындарын есептеу, ақшаны тиімді жұмсай білу; 3.1.2.2 отбасылық қаржыны үнемдеу жоспарын құра білу	4.1.2.1 отбасы бюджетінің негізгі кіріс-шығыстарын талдау; 4.1.2.2 отбасы бюджетін үнемдеудің жолдарын анықтау
1.3 Менің мектебім	1.1.3.1 үй, мектеп пен балабақшаның айырмашылығын ажырату; 1.1.3.2 мектеп ережелерін атау және оларды сақтау қажеттілігін түсіндіру; 1.1.3.3 өзінің күн тәртібін құрастыра білу	2.1.3.1 мектептегі оқу және оқудан тыс әрекет түрлерін ажырату; 2.1.3.2 өз уақытын тиімді пайдалану және жоспарлау; 2.1.3.3 мектептегі тәртіп пен қауіпсіздік	3.1.3.1 мемлекеттік, отбасылық және халықтық мерекелерге мысал келтіріп, олардың маңызын түсіндіру; 3.1.3.2 мектептегі қосымша білім беру	4.1.3.1 Қазақстан халқының дәстүрлі мерекелерін сипаттап, олардың мәдениет пен қоғамдағы маңызын түсіндіру; 4.1.3.2 топпен жұмыс істей алатын және басқаларға

		ережелерін сақтау; 2.1.3.4 сыныптастары мен достық қарым-қатынас орната білу; 2.1.3.5 көлік түрлері ажырату, жол ережесін сақтау	түрлері және оған қатысудың маңызы туралы әңгімелеу; 3.1.3.3 қауіпсіздік және гигиена ережелерін сақтай отырып, бос уақытты тиімді жоспарлаудың кестесін құру; 3.1.3.4 мұғалімдер мен мектептің басқа қызметкерлеріне құрмет көрсетудің мысалын келтіріп, мектептегі әдеп пен достық ережелерін түсіндіру	көмектесе алатын адамның қасиеттерін атау; 4.1.3.3 өзін-өзі басқаруда өз бойындағы көшбасшылық қабілеттерін қолдану; 4.1.3.4 мектептегі үйірмелер мен секцияларға арналған идеялар ұсыну
1.4 Денсаулық және қауіпсіздік	1.1.4.1 үйде, көшеде, мектепте қауіпсіздік ережелерін сақтау; 1.1.4.2 тазалық сақтау, дұрыс тамақтана білу	2.1.4.1 қауіпсіздік ережелерін білу, электр құралдарын қолдануда сақтық шараларын сақтау; 2.1.4.2 жеке бас тазалығын сақтау, күн тәртібіне сай	3.1.4.1 қоғамдық орындарда қауіпсіз ережелерін сақтау; 3.1.4.2 дұрыс тамақтану мен физикалық белсенділіктің денсаулыққа әсерін бағалау	4.1.4.1 түрлі жағдайларға байланысты қауіпсіздік ережелерін (жол жүру қауіпсіздігі, тұрмыстық техникамен жұмыс істеу қауіпсіздігі, интернет қауіпсіздігі) сақтамаудың

		дұрыс тамақтана білу		салдарын болжау; 4.1.4.2 өмір қауіпсіздік (киберқауіпсіздік) ережелерін анықтау және сақтану жолдарын табу
1.5 Құқық және міндет		2.1.5.1 мектепте және отбасында өз міндеттерін орындау арқылы жауапкершілік таныту; 2.1.5.2 оқушының құқықтары мен міндеттеріне мысал келтіру	3.1.5.1 Конституцияда а белгіленген Қазақстан Республикасы азаматының құқықтары мен міндеттері туралы ақпарат алу 3.1.5.2 өз құқықтары мен міндеттерін атай алу	4.1.5.1 Қазақстан Республикасын ың Конституциясы нан адам құқықтарына қатысты ақпаратты анықтау және мысал келтіру; 4.1.5.2 өз құқықтары мен міндеттерін атау және күнделікті өмірмен байланыстырып түсіндіру

2) туған өлкем:

Бөлімше	Оқу мақсаттары			
	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
2.1 Менің Отаным	1.2.1.1 Қазақстан Республикасы ның астанасын атап, мемлекеттік рәміздерді (ту, елтаңба, әнұран) тану; 1.2.1.2 өз мекенжайын және елді	2.2.1.1 өз өңіріндегі көрікті жерлер мен Қазақстан картасындағы ірі өзендер мен көлдерді табу және көрсету; 2.2.1.2 Қазақстан Республикасы ның	3.2.1.1 елді мекендер және олардың түрлерін (қала, ауыл) ажырату; 3.2.1.2 қала мен ауыл арасындағы байланыстард ы сипаттау 3.2.1.3	4.2.1.1 Қазақстан Республикасы ның әкімшілік- аумақтық құрылымы сипаттау; 4.2.1.2 әнұран орындалған және ту көтерілген кезде құрмет

	мекеннің атауын айту; 1.2.1.3 Отанға деген сүйіспеншілік ті көрсету жолдарына мысал келтіру (табиғатқа қамқорлық, рәміздерге құрмет, ережелерді сақтау); 1.2.1.4 туған жері, Отаны туралы әңгімелеу; 1.2.1.5 саяхат пен саяхаттауға қатысты мысалдар келтіру	мемлекеттік рәміздерін сипаттау; 2.2.1.3 Қазақстанда тұратын халықтарды атап, олардың арасындағы достық пен өзара сыйластыққа мысал келтіру; 2.2.1.4 турист, туризм ұғымдарын ажырату және жергілікті туристік орындарға сипаттама беру	Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін құрметтеу; 3.2.1.4 Қазақстандағы туристік аймақтарды сипаттау	білдіру үлгісін көрсету
2.2 Жергілікті жерде бағдарлау	1.2.2.1 өз тұратын жерін сипаттау; 1.2.2.2 өз тұратын жерін (үйін, мектебін, көшесін) бағдарлай білу; 1.2.2.3 жолда жүру ережелерін сақтау	2.2.2.1 өз өңірінің табиғи нысандарын тани білу; 2.2.2.2 көкжиек тұстарын анықтау; 2.2.2.3 қолайсыз табиғи құбылыстар (боран, қарлы дауыл, найзағай) кезінде қауіпсіз әрекеттерді түсіндіріп, мысал келтіру	3.2.2.1 тұс бағдар көмегімен көкжиек тұстарын анықтау; 3.2.2.2 план мен картадан қажетті ақпаратты табу; 3.2.2.3 шартты белгілер мен ЖИ көмегімен жергілікті жердің жоспарын құру	4.2.2.1 Қазақстанның географиялық орны мен мемлекеттік шекараларын картадан көрсету; 4.2.2.2 глобус пен картаны ажырату және олардан тұрған орнын анықтау; 4.2.2.3 материктер мен мұхиттарды картадан көрсетіп, олардың

				негізгі ерекшеліктері н сипаттау
2.3 Табиғат құбылыстары	1.2.3.1 маусымдық табиғи өзгерістерді сипаттау; 1.2.3.2 ауа райының түрлерін (жауын, қар, жел және басқа) бақылау және сипаттау; 1.2.3.3 ауа райының адамның күнделікті өміріне (киім, көлік, демалыс) әсеріне мысал келтіру; 1.2.3.4 табиғат құбылыстары кезінде (найзағай, боран, аяз) қауіпсіздік ережелерін сақтау; 1.2.3.5 табиғат аясында серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау	2.2.3.1 ауа райының адамның іс-әрекетіне (жұмыс, оқу, саяхат) қалай әсер ететінін түсіндіру; 2.2.3.2 қауіпті табиғи құбылыстарды (су тасқыны, құрғақшылық, найзағай, боран) ажырату және олардың салдарын сипаттау; 2.2.3.3 табиғи құбылыстардың маусымға байланысты өзгеруін бақылап, қорытынды жасау; 2.2.3.4 төтенше жағдайларда өзін-өзі ұстау ережелерін қарапайым жоспар түрінде ұсыну	3.2.3.1 табиғаттағы көрінетін белгілерге қарап, алдағы ауа райы туралы жорамал жасау; 3.2.3.2 жер бетіндегі климат түрлеріне сипаттама беру; 3.2.3.3 табиғи апат түрлерін сипаттау; 3.2.3.4 табиғи апаттар (мысалы: жер сілкінісі, су тасқыны, дауыл) кезінде қауіпсіздік ережелеріне мысал келтіріп, олардың маңызын түсіндіру; 3.2.3.5 табиғат құбылыстары туралы әңгіме құрастыру	4.2.3.1 Қазақстанның климат ерекшеліктері н сипаттау; 4.2.3.2 өзі тұратын жер шаруашылығы н жағдайын климаттық өзгерістермен байланыстыра сипаттау; 4.2.3.3 төтенше жағдайлар кезіндегі эвакуация алгоритмін сипаттап, қарапайым іс-әрекет жоспарын құрастыру; 4.2.3.4 төтенше жағдайларда алғашқы көмек көрсету

3) тарих беттерінен:

Бөлімше	Оқу мақсаттары			
	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып

3.1 Ежелгі мәдениеттер, Қазақстан тарихындағы маңызды оқиғалар	1.3.1.1 ежелгі адамдардың өмірі туралы әңгімелеу; 1.3.1.2 ежелгі адамдардың еңбегін сипаттау; 1.3.1.3 көне қалаларды сипаттау; 1.3.1.4 көне ескерткіштерді сипаттау	2.3.1.1 қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлерін сипаттау; 2.3.1.2 Қазақстан аумағындағы көне жазбалар туралы әңгімелеу; 2.3.1.3 көне қалалар мен ескерткіштер туралы білу; 2.3.1.4 ұлттық бұйымдар мен тарихи жәдігерлерді сипаттау	3.3.1.1 көшпелі және отырықшы өмір салтының ерекшеліктерін сипаттау 3.3.1.2 ұлттық салт-дәстүрлердің түрлерін ажырату; 3.3.1.3 көне қалалар, тарихи ескерткіштер, мұражайлар туралы ақпарат табу	4.3.1.1 тарихи мұражайлардың қызметін талдау және мұражай жобасын ұсыну, өрт қауіпсіздігін ескеру; 4.3.1.2 жасанды интеллект көмегімен ұлттық өнімдерді сипаттау және ұлттық бренд қалыптастыруға жобалар ұсыну; 4.3.1.3 Қазақстанның ежелгі қалаларын және ескерткіштерін сипаттау, олардың мәдени мұра үшін маңызын сипаттау; 4.3.1.4 Қазақстанның XX ғасырдағы жетістіктерін (мәдениет, ғылым, білім, экономика) анықтау
3.2 Көрнекті тарихи тұлғалар және мәдениет		2.3.2.1 Томирис бейнесімен таныстыру; 2.3.2.2 әл-Фараби	3.3.2.1 тарихи мысалдар арқылы хандардың (Керей хан, Жәнібек хан,	4.3.2.1 XX-XXI ғасырлардағы көрнекті қайраткерлердің (Қаныш Сатпаев, Тоқтар

қайраткерлері		туралы әңгімелеу	Абылай хан) рөлін анықтау; 3.3.2.2 тарихи мысалдар арқылы батырлардың (Қабанбай батыр, Бөгенбай батыр, Наурызбай батыр) рөлін анықтау; 3.3.2.3 тарихи мысалдар арқылы билердің (Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би) рөлін анықтау	Әубәкіров, Күләш Байсейітова) еліміздің дамуына қосқан үлесі туралы хабарлау
---------------	--	------------------	---	--

Оқу мақсаттары кодпен белгіленеді. Кодтық белгідегі бірінші цифр сыныпты, екінші және үшінші цифрлар бөлім мен бөлімшені, төртінші цифр оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 1.2.1.1 кодында «1» сынып, «2» бөлім, «1» бөлімше, «1» оқу мақсатының реттік саны.

18. Бөлімді және тақырыптарды оқытуға арналған сағат санын педагог бөледі.

19. Осы оқу бағдарламасы Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «Дүниетану» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес іске асырылады.

4-параграф. Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «Дүниетану» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспар

1) 1-сынып:

Ортақ тақырыптар	Бөлімшелер	Оқу мақсаттары
1-тоқсан		
Отбасы - бақыт ұясы	1.1 Мен және менің отбасым	1.1.1.1 отбасы мүшелерін таныстыру, отбасындағы өз

Алтын ұя - мектебiм	1.4 Денсаулық және қауiпсiздiк	орнын анықтау; 1.1.1.2 отбасы мүшелерiнiң арасындағы өзара қамқорлық әрекеттерiн ажырату, мысал келтiру; 1.1.4.1 үйде, көшеде, мектепте қауiпсiздiк ережелерiн сақтау; 1.1.4.2 тазалық сақтау, дұрыс тамақтана бiлу
	1.3 Менiң мектебiм	1.1.3.1 үй, мектеп пен балабақшаның айырмашылығын ажырату; 1.1.3.2 мектеп ережелерiн атау және оларды сақтау қажеттiлiгiн түсiндiру; 1.1.3.3 өзiнiң күн тәртiбiн құрастыра бiлу
2-тоқсан		
Отаным - мақтанышым Салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар	2.1 Менiң Отаным	1.2.1.1 Қазақстан Республикасының астанасын атап, мемлекеттiк рәмiздердi (ту, елтаңба, әнұран) тану; 1.2.1.2 өз мекенжайын және елдi мекеннiң атауын айту; 1.2.1.3 Отанға деген сүйiспеншiлiктi көрсету жолдарына мысал келтiру (табиғатқа қамқорлық, рәмiздерге құрмет, ережелердi сақтау); 1.2.1.4 туған жерi, Отаны туралы әңгiмелеу; 1.2.1.5 саяхат пен саяхаттауға қатысты мысалдар келтiру
	1.2 Қаржылық сауаттылық	1.1.2.1 тұтыну заттарын қайдан келетiнiн анықтау; 1.1.2.2 ақша мен тауарлардың түрлерiне мысал келтiрiп, олардың қызметiн түсiндiру
3-тоқсан		
Табиғатты тану	2.2 Жергiлiктi жерде бағдарлау	1.2.2.1 өз тұратын жерiн сипаттау; 1.2.2.2 өз тұратын жерiн (үйiн, мектебiн, көшесiн) бағдарлай бiлу;

		1.2.2.3 жолда жүру ережелерін сақтау
Маусымдық өзгерістер	2.3 Табиғат құбылыстары	1.2.3.1 маусымдық табиғи өзгерістерді сипаттау; 1.2.3.2 ауа райының түрлерін (жауын, қар, жел және басқа) бақылау және сипаттау; 1.2.3.3 ауа райының адамның күнделікті өміріне (киім, көлік, демалыс) әсеріне мысал келтіру; 1.2.3.4 табиғат құбылыстары кезінде (найзағай, боран, аяз) қауіпсіздік ережелерін сақтау; 1.2.3.5 табиғат аясында серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау
4-тоқсан		
Ежелгі адамдар Көне қалалар мен ескерткіштер	3.1 Ежелгі мәдениеттер, Қазақстан тарихындағы маңызды оқиғалар	1.3.1.1 ежелгі адамдардың өмірі туралы әңгімелеу; 1.3.1.2 ежелгі адамдардың еңбегін сипаттау; 1.3.1.3 көне қалаларды сипаттау; 1.3.1.4 көне ескерткіштерді сипаттау

2) 2-сынып:

Ортақ тақырыптар	Бөлімшелер	Оқу мақсаттары
1-тоқсан		
Отбасы құндылықтары	1.1 Мен және менің отбасым	2.1.1.1 отбасы дәстүрлерін атау және сипаттау; 2.1.1.2 отбасы мүшелерінің міндеттері мен рөлін ажырату; 2.1.1.3 отбасы әдебін сақтау
Тәртіп – тәрбие бастауы	1.3 Менің мектебім	2.1.3.1 мектептегі оқу және оқудан тыс әрекет түрлерін ажырату; 2.1.3.2 өз уақытын тиімді пайдалану және жоспарлау; 2.1.3.3 мектептегі тәртіп пен қауіпсіздік ережелерін сақтау; 2.1.3.4 сыныптастарымен достық қарым-қатынас орната білу;

		2.1.3.5 көлік түрлері ажырату, жол ережесін сақтау
2-тоқсан		
Атамекен – алтын бесік	2.1 Менің Отаным	2.2.1.1 өз өңіріндегі көрікті жерлер мен Қазақстан картасындағы ірі өзендер мен көлдерді табу және көрсету; 2.2.1.2 Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін сипаттау; 2.2.1.3 Қазақстанда тұратын халықтарды атап, олардың арасындағы достық пен өзара сыйластыққа мысал келтіру; 2.2.1.4 турист, туризм ұғымдарын ажырату және жергілікті туристік орындарға сипаттама беру
Адам құқығы – ең қымбат қазына	1.5 Құқық және міндет 1.4 Денсаулық және қауіпсіздік	2.1.5.1 мектепте және отбасында өз міндеттерін орындау арқылы жауапкершілік таныту; 2.1.5.2 оқушының құқықтары мен міндеттеріне мысал келтіру; 2.1.4.1 қауіпсіздік ережелерін білу, электр құралдарын қолдануда сақтық шараларын сақтау; 2.1.4.2 жеке бас тазалығын сақтау, күн тәртібіне сай дұрыс тамақтана білу
3-тоқсан		
Табиғат – тіршілік көзі	2.2 Жергілікті жерде бағдарлау	2.2.2.1 өз өңірінің табиғи нысандарын тани білу; 2.2.2.2 көкжиек тұстарын анықтау; 2.2.2.3 қолайсыз табиғи құбылыстар (боран, қарлы дауыл, найзағай) кезінде қауіпсіз әрекеттерді түсіндіріп, мысал келтіру
	1.2 Қаржылық сауаттылық	2.1.2.1 түрлі тұтыну тауарларының бағасын салыстырып, олардың күнделікті өмірдегі қажеттілігін түсіндіру; 2.1.2.2 ақшаны үнемдеудің жолдарына мысал келтіріп, оның пайдасын түсіндіру
Табиғатты аялайық	2.3 Табиғат құбылыстары	2.2.3.1 ауа райының адамның іс-әрекетіне (жұмыс, оқу, саяхат) қалай әсер ететінін түсіндіру; 2.2.3.2 төтенше табиғи құбылыстарды (су тасқыны, құрғақшылық, найзағай, боран)

		ажырату және олардың салдарын сипаттау; 2.2.3.3 табиғи құбылыстардың маусымға байланысты өзгеруін бақылап, қорытынды жасау; 2.2.3.4 қауіпті жағдайларда өзін-өзі ұстау ережелерін қарапайым жоспар түрінде ұсыну
4-тоқсан		
Ежелгі мәдениет	3.1 Ежелгі мәдениеттер, Қазақстан тарихындағы маңызды оқиғалар	2.3.1.1 қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлерін сипаттау; 2.3.1.2 Қазақстан аумағындағы көне жазбалар туралы әңгімелеу; 2.3.1.3 көне қалалар мен ескерткіштер туралы білу; 2.3.1.4 ұлттық бұйымдар мен тарихи жәдігерлерді сипаттау
Тарихи тұлғалар	3.2 Көрнекті тарихи тұлғалар және мәдениет қайраткерлері	2.3.2.1 Томирис бейнесімен таныстыру; 2.3.2.2 әл-Фараби туралы әңгімелеу

3) 3-сынып:

Ортақ тақырыптар	Бөлімшелер	Оқу мақсаттары
1-тоқсан		
Отбасы шежіресі	1.1 Мен және менің отбасым	3.1.1.1 отбасы мүшелерінің арасындағы туыстық қатынастар ажырату; 3.1.1.2 отбасылық әдеп ережелеріне мысал келтіру (үлкендерге құрмет, кішілерге қамқорлық); 3.1.1.3 отбасындағы адамгершілік қарым-қатынастардың (мейірімділік, сүйіспеншілік, кешірім) мәнін мысал арқылы түсіндіру
Мектеп - білім мен тәрбие ордасы	1.3 Менің мектебім	3.1.3.1 мемлекеттік, отбасылық және халықтық мерекелерге мысал келтіріп, олардың маңызын түсіндіру; 3.1.3.2 мектептегі қосымша білім беру түрлері және оған қатысудың маңызы туралы әңгімелеу;

		3.1.3.3 қауіпсіздік және гигиена ережелерін сақтай отырып, бос уақытты тиімді жоспарлаудың кестесін құру; 3.1.3.4 мұғалімдер мен мектептің басқа қызметкерлеріне құрмет көрсетудің мысалын келтіріп, мектептегі әдеп пен достық ережелерін түсіндіру
2-тоқсан		
Туған елім - қымбат мекенім	2.1 Менің Отаным	3.2.1.1 елді мекендер және олардың түрлерін (қала, ауыл) ажырату; 3.2.1.2 қала мен ауыл арасындағы байланыстарды сипаттау 3.2.1.3 Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін құрметтеу; 3.2.1.4 Қазақстандағы туристік аймақтарды сипаттау
Мен азаматпын	1.5 Құқық және міндет	3.1.5.1 Конституцияда белгіленген Қазақстан Республикасы азаматының құқықтары мен міндеттері туралы ақпарат алу 3.1.5.2 өз құқықтары мен міндеттерін атай алу
3-тоқсан		
Табиғат - ортақ үй	2.2 Жергілікті жерде бағдарлау	3.2.2.1 тұс бағдар көмегімен көкжиек тұстарын анықтау; 3.2.2.2 план мен картадан қажетті ақпаратты табу; 3.2.2.3 шартты белгілер мен ЖИ көмегімен жергілікті жердің жоспарын құру
Мен табиғатты зерттеймін	2.3 Табиғат құбылыстары	3.2.3.1 табиғаттағы көрінетін белгілерге қарап, алдағы ауа райы туралы жорамал жасау; 3.2.3.2 жер бетіндегі климат түрлеріне сипаттама беру; 3.2.3.3 табиғи апат түрлерін сипаттау; 3.2.3.4 табиғи апаттар (мысалы: жер сілкінісі, су тасқыны, дауыл) кезінде қауіпсіздік ережелеріне мысал келтіріп, олардың маңызын түсіндіру; 3.2.3.5 табиғат құбылыстары туралы әңгіме құрастыру

	1.2 Қаржылық сауаттылық	3.1.2.1 өзінің күнделікті шығындарын есептеу, ақшаны тиімді жұмсай білу; 3.1.2.2 отбасылық қаржыны үнемдеу жоспарын құра білу
4-тоқсан		
Ежелгі мәдениет	3.1 Ежелгі мәдениеттер мен өркениеттер, Қазақстан тарихындағы маңызды оқиғалар	3.3.1.1 көшпелі және отырықшы өмір салтының ерекшеліктерін сипаттау 3.3.1.2 ұлттық салт-дәстүрлердің түрлерін ажырату; 3.3.1.3 көне қалалар, тарихи ескерткіштер, мұражайлар туралы ақпарат табу
Тарихи тұлғалар	3.2 Көрнекті тарихи тұлғалар және мәдениет қайраткерлері	3.3.2.1 тарихи мысалдар арқылы хандардың (Керей хан, Жәнібек хан, Абылай хан) рөлін анықтау; 3.3.2.2 тарихи мысалдар арқылы батырлардың (Қабанбай батыр, Бөгенбай батыр, Наурызбай батыр) рөлін анықтау; 3.3.2.3 тарихи мысалдар арқылы билердің (Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би) рөлін анықтау
	1.4 Денсаулық және қауіпсіздік	3.1.4.1 қоғамдық орындарда қауіпсіз ережелерін сақтау; 3.1.4.2 дұрыс тамақтану мен физикалық белсенділіктің денсаулыққа әсерін бағалау

4) 4-сынып:

Ортақ тақырыптар	Бөлімшелер	Оқу мақсаттары
1-тоқсан		
Отбасы мәдениеті	1.1 Мен және менің отбасым	4.1.1.1 отбасылық құндылықтарды атап, олардың маңызын түсіндіру (мысалы: өзара сыйластық, еңбекқорлық, көмектесу, адалдық); 4.1.1.2 отбасындағы жауапкершілікті білдіретін іс-әрекеттерге мысал келтіру (міндеттерді орындау, туыстарға көмектесу); 4.1.1.3 отбасы дәстүрлеріне мысал келтіріп, олардың отбасы мүшелері үшін маңызын түсіндіру

Мектеп өмірі	1.3 Менің мектебім	4.1.3.1 Қазақстан халқының дәстүрлі мерекелерін сипаттап, олардың мәдениет пен қоғамдағы маңызын түсіндіру; 4.1.3.2 топпен жұмыс істей алатын және басқаларға көмектесе алатын адамның қасиеттерін атау; 4.1.3.3 өзін-өзі басқаруда өз бойындағы көшбасшылық қабілеттерін қолдану; 4.1.3.4 мектептегі үйірмелер мен секцияларға арналған идеялар ұсыну
2-тоқсан		
Қазақстан - достық мекені	2.1 Менің Отаным	4.2.1.1 Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылымы сипаттау; 4.2.1.2 әнұран орындалған және ту көтерілген кезде құрмет білдіру үлгісін көрсету
	1.4 Денсаулық және қауіпсіздік	4.1.4.1 түрлі жағдайларға байланысты қауіпсіздік ережелерін (жол жүру қауіпсіздігі, тұрмыстық техникамен жұмыс істеу қауіпсіздігі, интернет қауіпсіздігі) сақтамаудың салдарын болжау; 4.1.4.2 өмір қауіпсіздік (киберқауіпсіздік) ережелерін анықтау және сақтану жолдарын табу
Заңды білу - өзіңді тану	1.5 Құқық және міндет	4.1.5.1 Қазақстан Республикасының Конституциясынан адам құқықтарына қатысты ақпаратты анықтау және мысал келтіру; 4.1.5.2 өз құқықтары мен міндеттерін атау және күнделікті өмірмен байланыстырып түсіндіру
3-тоқсан		
Қазақстан географиясы	2.2 Жергілікті жерде бағдарлау	4.2.2.1 Қазақстанның географиялық орны мен мемлекеттік шекараларын картадан көрсету; 4.2.2.2 глобус пен картаны ажырату және олардан тұрған орнын анықтау; 4.2.2.3 материктер мен мұхиттарды картадан көрсетіп, олардың негізгі ерекшеліктерін сипаттау

	1.2 Қаржылық сауаттылық	4.1.2.1 отбасы бюджетінің негізгі кіріс-шығыстарын талдау; 4.1.2.2 отбасы бюджетін үнемдеудің жолдарын анықтау
Қазақстан климаты	2.3 Табиғат құбылыстары	4.2.3.1 Қазақстанның климат ерекшеліктерін сипаттау; 4.2.3.2 өзі тұратын жер шаруашылығын жағдайын климаттық өзгерістермен байланыстыра сипаттау; 4.2.3.3 төтенше жағдайлар кезіндегі эвакуация алгоритмін сипаттап, қарапайым іс-әрекет жоспарын құрастыру; 4.2.3.4 төтенше жағдайларда алғашқы көмек көрсету
4-тоқсан		
Мәдени мұра	3.1 Ежелгі мәдениеттер мен өркениеттер, Қазақстан тарихындағы маңызды оқиғалар	4.3.1.1 тарихи мұражайлардың қызметін талдау және мұражай жобасын ұсыну, өрт қауіпсіздігін ескеру; 4.3.1.2 жасанды интеллект көмегімен ұлттық өнімдерді сипаттау және ұлттық бренд қалыптастыруға жобалар ұсыну; 4.3.1.3 Қазақстанның ежелгі қалаларын және ескерткіштерін сипаттау, олардың мәдени мұра үшін маңызын сипаттау; 4.3.1.4 Қазақстанның XX ғасырдағы жетістіктерін (мәдениет, ғылым, білім, экономика) анықтау
Еліміздің көрнекі қайраткерлері	3.2 Көрнекті тарихи тұлғалар және мәдениет қайраткерлері	4.3.2.1 XX-XXI ғасырлардағы көрнекті қайраткерлердің (Қаныш Сатпаев, Тоқтар Әубәкіров, Күләш Байсейітова) еліміздің дамуына қосқан үлесі туралы хабарлау